

«Қосымша білім беру жүйесіндегі білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі» тақырыбында біліктілігін арттыру курстарының БАҒДАРЛАМАСЫ

(36 сағат)

Ақтөбе қ.

Түсініктеме хат

Бүгін бүкіләлемдік қауымдастықтағыдай ХХІ ғасырдағы тұлғаның жағдайы, шығармашылық әлеуеті, материалдық және моралдық ауқаттылығы көбінесе білім сапасына байланысты екенін қазақстандықтардың зерделеріне жетіп жатыр. Бұл қоғамның үдемелі қозғалысы жетілгендікке әсер ететіні анық.

Қазіргі қоғамдағы жүргізіліп жатқан өзгерістер маңызды дәрежеде білім беру ұйымдарының барлық түрлерін жетілдіру қажеттілігі мен ерекшеліктерін анықтайды, соның ішінде тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуды көздейді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының құндылығы жалпы білім берудің вариативтігін іске асыруға, мектепте алған білім, білік дағдыларын пайдалануға, білім алушылардың танымдық уәждемесін ынталандыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы – қосымша білім беру жағдайындағы балалардың шығармашылық әлеуеттері, қазіргі қоғамға бейімделу дағдылары дамиды және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік алады.

Балаларға қосымша білім берудің функциялық міндетін, оның мазмұнын білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алған тәжірибелік білім, білік дағдылары (білімдерін бекіту, тереңдету, кеңейту) және әрбір баланың қажеттілігі (бастауыш сыныптарда), белгіленген қызығушылықтары (жеткіншек жасында), кәсіби және әлеуметтік бейімделуі (жоғары сыныптарда) ретінде қарастыруға болады.

Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға және үздіксіз кәсіби-тұлғалық дамуына, еліміздің инновациялық даму жағдайындағы олардың жоғары құзыреттілік пен бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Курстың мақсаты: педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне, жалпы білім беретін мектеп директорларының орынбасарларына, үйірме жетекшілеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету, олардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Курстың міндеті: тыңдаушылардың шығармашылық пен ғылыми-әдістемелік жұмысқа қызығушылықтарын дамыту және өздігінен жетілу, өздігінен білім алу қажеттілігін қалыптастыру.

Тыңдаушылар санаты: қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, жалпы білім беретін мектеп директорларының орынбасарлары, үйірме жетекшілері.

Оқыту түрі: дәрістер, практикалық сабақтар, шеберлік-сыныптар, тренингтер.

Бағдарлама 36 сағатқа есептеліп, блок-модульдік принциптерімен әзірленген. Теориялық блок – 23 сағат, тәжірибелік блок - 13 сағат.

Оқу бағдарламасы 4 негізгі модульден тұрады.

Нормативтік құқықтық модуль курс тыңдаушыларына қазақстандық білімнің жаңғыру бағыттарын, қосымша білім берудің нормативтік құқықтық базасының жаңару мәселелерін ашып көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық модуль балалардың психологиялық-педагогикалық жұмыс істеуі бойынша педагогикалық білімін жетілдіруді қарастырады.

Теориялық-технологиялық модуль құзыреттілікке бағдарланған білім беруге көшу жағдайындағы педагогикалық қызметті жетілдіруді, қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмыс тәжірибесін қорытындылауды және таратуды, оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру мен ресімдеуді қарастырады.

Бағдарламаның **тәжірибеге бағыттау модулі** қосымша білім берудің барлық бағыттары бойынша педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған, шеберлік-сынып түрінде көрсетілген негізгі педагогикалық технологияларды ашып көрсетеді.

Бағдарламаның мазмұны

№	МОДУЛЬДІҢ АТАЛУЫ	Блоктар		Сағат саны
		дәріс.	тәжіриб.	
	Нормативтік құқықтық модуль	4	2	6
1.1.	Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңғырту: инновацияларды енгізу және қызмет сапасын қамтамасыз ету	2	-	2
1.2.	Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	4
2.	Психологиялық –педагогикалық модуль	4	-	4
2.3.	Білім беру үдерісінің сапасын арттырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	2	-	2

2.4.	Психологиялық-педагогикалық диагностиканың инновациялық әдістемесі	2	-	2
3.	Теориялық-технологиялық модуль	10	6	16
3.1.	Балаларға қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби қызметін жетілдіру	2	-	2
3.2.	Балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім беру үдерісін оқу- әдістемелік қамтамасыз ету	2	2	4
3.3.	Қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың педагогикалық жағдайлары	2	2	4
3.5.	Қосымша білім беру ұйымдарының жағдайына баланың әлеуметтік бейімделу технологиясы сауықтыру бос уақыты ретінде	2	-	2
3.6.	Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру	2	2	4
4.	Тәжірибеге бағдарлау модулі	5	5	10
4.1.	Әдістемелік қызмет және оның қосымша білімді жаңғырту үдерісіндегі мақсаты.	1	1	2
4.2.	Шеберлік сынып: «Оқыту үдерісіндегі педагогтердің өзара әрекеттесу арқылы жаңа интерактивтік формаларды енгізу»	1	1	2
4.3.	Қосымша білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалардың клуб қызметін ұйымдастырудың педагогикалық моделі	1	1	2
4.4.	Шығармашылық шеберхана: «Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда балалар ұйымының маңызы»	1	1	2
4.5.	Шеберлік-сынып: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер	1	1	2
	Барлығы:	23	13	36

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жылғы 01 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.).
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
4. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
7. Қосымша білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби бағыттылығын, бейімділіктерін, қызығушылықтарын және мотивтерін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік нұсқаулар – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК – Астана, 2013 жыл, - 128 бет.
8. Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің жаңа бағыттары (әдістемелік нұсқаулар) – РМҚК «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» (РҚБОӘО) – Астана, 2013 жыл, - 128 б.